

«Егіндібұлақ жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің
«Қамқоршылық» кеңесі отырысының хаттамасы

ХАТТАМА № 3

«Егіндібұлақ жалпы орта білім беру мектебі» КММ 27 желтоқсан 2017 ж.

Қатысқандар саны: 10

1. Сарыбаева Б.Д. – «Қамқоршылық» кеңестің төрайымы
2. Кожин Ж.Н. – жеке кәсіпкер
3. Жумагельдин Е.Т. – жеке кәсіпкер
4. Бимағанбетов Б.А. – жеке кәсіпкер
5. Ахметова Қ.Б. - көп балалы ана
6. Абенов Е.Б. – мәдениет үйінің қызметкері
7. Мажит Д.Қ. - мәдениет үйінің қызметкері
8. Рақымжанова С.Б. – кеңес хатшысы
9. Солтанбай А.З. – жеке кәсіпкер
10. Серікбай Д.А. – мектеп директоры
11. Махатова Ы.Ж. – тәрбие ісінің меңгерушісі

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектептің оқу-тәрбие үрдісінің 1-ші жартыжылдық жұмысының есебі.
Жауапты: мектеп директоры - Серікбай Д.А.
2. 2-ші жартыжылдықта атқарылатын жұмыс жоспарын бекіту. Жауапты:
тәрбие ісінің меңгерушісі - Махатова Ы.Ж.
3. «Қамқоршылық» кеңестің құқықтық мәртебесінің болуы туралы.
Жауапты: кеңес төрайымы - Сарыбаева Б.Д.

Тыңдалды:

1. Ыстық тамақпен қамту.
2. Мектепшілік іс-шаралар
3. Мектебімізді көркейту.
4. Демеушілер
5. Жөндеу жұмыстары

1-ші мәселе бойынша мектеп директоры сөз алып, кеңес алқасы алдында 1-ші жартыжылдықта мектепте атқарылған оқу-тәрбие және жөндеу жұмыстарына, мектепке бөлінген қаржының дұрыс игерілуі жөнінде есеп берді. Мектепте 1-ші жарты жылдық бойынша 42 оқушы жаппай біліммен қамту қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылды. 8 оқушы демеуші қорынан ыстық тамақпен қамтылса, қалған 15 оқушы жеңілдетілген (100 теңгелік) бағамен ыстық тамақпен қамтылды. Сонда мектеп оқушылары 100 пайыз

ыстық тамақпен қамтылды. «Мектепке жол» акциясы аясында «Ар» және «Ақжол» шаруа қожалықтары 23 мың теңгеге 3 оқушыға рюкзак, 1 оқушыға күзгі куртка және аяқ киім әперілді. Жаппай оқу қорынан 59 мың теңгеге 8 оқушыға материалдық көмек көрсетілді. Жаппай оқумен қамту қорының есебінен аз қамтамасыз етілген отбасының және көп балалаы отбасының балаларына, барлығы - 9 оқушыға 92 895 теңгеге киімге сұраныс берілді. Алтын күз, жаңа жылдық шыршаға ауыл кәсіпкерлері демеушілік жасап, оқушылардың мерекені көңілді, қызықты өткізуіне атсалысты. Демеушілер: жеке кәсіпкер Нұрлығаев Талғат аяз ата қалтасына тәттілер берсе, «Біржан» шаруа қожалығының иесі Күлжан Бауыржан Мұқатайұлы оқушылардың сыйлығына 15 мың теңге ақшалай көмек, «Ар» шаруа қожалығының иесі Солтанбаев Айсұлтан 5000 теңге берді. Жазғы демалыс уақытында мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды. Әктеліп, еден, терезелер сырланды.

Тыңдалды:

2-ші мәселе бойынша Мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі Махатова Ы.Ж. алдағы уақытта атқарылатын жоспарлармен таныстырды. Оқушылардың және мектеп қызметкерлерінің жазғы демалыс уақытында дұрыс демалуын ұйымдастыру жөнінде ақылдасып, кеңесті. Кеңес мүшелері «Қамқоршылық» кеңестің 2-ші жартыжылдықта атқарылатын жұмысын бекітті.


Тыңдалды:

3-ші мәселе бойынша «Қамқоршылық» кеңестің төрайымы Сарыбаева Б.Д. 2-ші жартыжылдықта атқарылатын жұмыс жоспарымен таныстырып, жоспар бекітілді. Алдағы уақыттарда кеңестің қазынашылық мекемелерде арнайы шотының және құқықтық мәртебесінің болуын қолға алу керектігі жөнінде ақылдасты.

Шешімі:

1. Мектептің оқу-тәрбие жұмысына «Қамқоршылық» кеңесі оң бағасын беріп, ары қарай жұмысты жалғастыруына шешім шығарды.
2. «Қамқоршылық» кеңесі 2017-2018 оқу жылының 2-ші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын бекітті.
3. Кеңестің қазынашылық мекемелерде арнайы шоты және құқықтық мәртебесімен қамтамасыз етілсін.

Кеңес төрайымы:  Б.Д. Сарыбаева

Кеңес хатшысы:  С.Б. Рақымжанова